ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

010000, Астана қаласы, «Министрліктер үйі»,
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-[illegible]

*2016 жылғы 20 қыркүйек № 3-09-5/3235-И*

Черкизовой А. Н.
Для размещения на сайте
23.09.16г.

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорларына (тізім бойынша)**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде ғылыми-педагог кадрларды даярлау үшін хабардар етуді арттыру және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын тарту мақсатында төмендегіні хабарлайды.

Қазіргі уақытта 2016 жылғы 30 қыркүйекке дейін «Болашақ» стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау жүргізілуде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі **«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау мерзімін 2016 жылғы 14 қазанға дейін ұзарту** мәселесін қарастыруда.

Осыған байланысты, Сізден магистр дәрежесін алу конкурсына ғылыми-педагог қызметкерлерді тартуда ықпал етуіңізді сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына сәйкес «ғылыми немесе педагог қызметкерлер» санаты бойынша қатысатын үміткерлер «Болашақ» стипендиясын тағайындау конкурсынан табысты өткен жағдайда, оларды 12 айға дейін шет тілі бойынша алдын ала даярлау көзделген.

Шетелдегі оқуы аяқталғаннан кейін түлектер алған мамандығы бойынша бес жыл міндетті жұмыс істеу үшін олардың оқуына тапсырыс берген ұйымдарға қайтып оралуға міндетті.

Өз кезегінде, «Болашақ» бағдарламасының әкімшісі – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) жан-жақты көмек көрсетіп, қашықтықтан, сондай-ақ елдің өңірлеріне шығумен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге дайын.

Құжаттарды қабылдау және конкурстық іріктеу жүргізу бойынша толық ақпаратты Қоғамның www.bolashak.gov.kz ресми сайтынан, 8 (7172) 769082, 769083, 769084, 249385, 249386 телефондары бойынша алуға болады.

**Вице-министр** **Б. Асылова**

*Орындаған: И. Абилмажинова, 742447*

016936

01ОО-13/1886
22.09.16